

**ҚЫТАЙДА ИСЛАМ  
ДІНІН  
НАСИХАТТАУДАҒЫ  
МЕДРЕСЕЛЕРДІҢ ОРНЫ**

Қытай коммунистік партиясы (ҚКП) 1949 жылы билік басына келді. ҚКП 1950 жылдан бастап ресми түрде Қытай Коммунистік Партиясының басқаруына өткен қазақтар өмірінде көптеген өзгерістер болды. Комунистік партияның бір тұтас басқаратын билік жүйесі орнағаннан бастап, ел көлемінде өзінің саяси-әлеуметтік басқару құрылымдарын құруды қолға алды. Осылайша Шыңжаңда өлкелік, аймақтық, аудандық округтік және ауылдық әкімшіліктер орнай бастады. Барлық нәрсені бір ғана партия – коммунистік партия өз уысына ұстады. Сонымен ондағы қазақтардың дәстүрлі қоғамдық құрылымы мен азаматтық институттары өзгеріске ұшырап, Қытайдың дәстүрлі қоғамдық құрам жүйесі біртіндеп орнай бастады. Қазақ аудандарында төменгі топтан шыққан «белсенді» кедей төмен, орта дикан өкілдері қоғамда негізгі басшылық орында болған демократиялық әкімшіліктер орнай бастады.

Төңкеріс нәтижесінде билікке келген Қытай Коммунистік партиясы КСРО-мен тығыз байланыс орнатып, елді социалистік жолмен дамытуға күш салды. 1951-1953 жылдың тамызына дейін ҚКП орталығы жолға қойған «жер реформасы» заңы негізінде елдің мәдени және саяси өмірін жандандыру жұмыстары жүрді. Елдің аумағы (территориясы) ірі әскери-әкімшілік болып бөлініп, оларды халық-азаттық әскерінің өкілдері басқарды. Шыңжаң өлкесінде де Қытай әскери тәртіп режимі арқылы найзаның ұшы жоғары жік өлкелеріне кезелді.

Олардың ортақ жерін қайтарып алып, төменгі таптан шыққан жері жоқ немесе жері аз шаруаларға жер телімдері бөліп берілді. Әрі олардың ішінен шыққан шала сауаттылар мен белсенділерді әкімшілік қызметтерге қабылдап отырады. Бұл қозғалыста Қытай Коммунистік Партиясының үш принципі басшылыққа алынды: «Кедей, жалданбалы шаруаларға сүйену, орта шаруалармен ынтымақтасу, феодалдық қанау жүйесін біртіндеп жою» [1] болатын. Осы қозғалыстардың нәтижесінде кең сахарада өскен қазақтардың жер меншік жүйесі мен қоғамдық құрылымы түбегейлі өзгертіле бастады.

Қытайдың Шыңжаң өлкесінде қазақ қатарлы 13 ұлт өмір сүргендіктен, Шыңжаңда автономиялы саясат қолданылуы қажет болды. Іле Қазақ автономиясының орталығы Құлжа қаласына қарайтын Іле, Алтай, Тарбағатай аймағындағы қазақ халқының

саны 1949 жылы 443 700 адам болған [2]. 1951 жылдың басында Қытайда аймақтық және үздік өкіметтер құрыла бастады. Ондағы басты мәселе «автономия құқығын алған жерлер сол ұлттың өкілі негізгі басшылық орында болды» делінген. Қытайдың ішкі аудандарымен қатар ұлттық автономиялы аудандарда да осы мәселеге байланысты жұмыстар атқарылды. Нәтижесінде жергілікті аз ұлт өкілдерімен Қытайдың арасында шиеленістер туды. Қытайдың ұлт саясатына орай қоныстандырылған қытайлықтар биліктен тыс сыдырылып қалатындықтарын ойлап, қарсылықтар білдірілді.

Іле қазақ автономиялы облысы 1954 жылы қарашада құрылды. Іле Қазақ автономиялы облысының ең жоғарғы құқықтық органы – облыстық халық құрылтайы. Іле қазақ автономиялы облысы Шыңжаң Ұйғыр автономиялы районуна бағынды. Ал Шыңжаң Ұйғыр автономиялы району (ШҰАР) ҚХР орталық үкіметіне бағынды. Шыңжаң өлкесі. Шыңжаң өлкесі ШҰАР болып 1955 ж. құрылған.

1950 жылдан бастап Қытайдағы әлеуметтік құрылым жүйесінің қайта құрыла бастауына байланысты Қытайдағы аз санды ұлттардың, соның ішінде Қазақтардың дәстүрлі қоғамдық құрылымдары да біртіндеп өзгере бастады. Ол өзгерістер алғашқы кезде ауылшаруашылығы мен малшаруашылығын корперативтендіру малшыларды отырықшыландыру бағдарламасы бойынша біртіндеп жүзеге асырылды. Осының барысында мемлекет шаруаларға қаржылай және техникалық қолдау көрсетіп, қарапайым халықтың тұрмысын біршама жақсартты [3].

Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесінде тұратын аз ұлттардың өздеріне тән оқу-ағарту мен ұлттық мәдениетінің қалыптасқандығы белгілі.

Қытайда 1928 жылға дейін араб графикасы қолданыста болған. 1950 жылдың ортасына қарай Қытай үкіметі оқу-ағарту саласына жаңа реформа енгізеді. Реформаның бір бағыты аз ұлттар қатарына жататын қазақтарға да келіп жетті. Аталмыш реформаға сай 1956 жылдың наурыз айында Үрімжі қаласында конференция өтеді. Конференцияның шешімдеріне сәйкес қазақ тілі басқа да түркі тілдері сияқты кириллицаға көшіріледі, өзбектер мен татарлар, оған қоса ұйғырлар да осы жазуға көшіріледі. Осы кезден бастап қазақ тіліндегі әдебиеттер мен басылымдар кириллицамен жазылып, жарық көре бастады [4].

1958 жылы Қытай үкіметі түрлі ұлттардың тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, кириллицамен қатар латын графикасын қолдануға

шешім шығарады. Яғни «Социалистік құрылыс процестерін қалыптастыру барысында тілді дамытуға кедергі келтіреді» дей отырып, реформаның жылдам қабылдануына түсініктеме береді. Бірақ, бұл тұста Қытайда мәдени революцияның тереңдеуіне сай әдебиеттер өте аз көлемде шығып жатты. Тек, 1973 жылдан бастап қана баспа ісі жанданып, Шыңжаңның аз ұлттары өз ана тілінде жазып, оқу-ағарту жұмыстары жаңа енген жазу ісімен жүргізілді.

Қытайдағы түрік тілді аз ұлттар үшін латын графикасын пайдалану тілдік мүмкіндіктеріне сай болмауларына байланысты 1982 жылы ұйғыр, қазақ, қырғыз ұлттары араб графикасын оқу-ағарту жұмыстарына қолдануға мүмкіндік алады. Сонымен қатар монғолдар өз графикасына көшсе, сипо ұлты әдеттегі манчжурлық жазуын пайдалануға мүмкіндік алады [5].

Осы тұстан бастап қазақ тіліндегі түрлі басылымдар мен әдебиеттер араб графикасымен басылып, жарық көреді.

1949 жылы Қытай үкіметінің басына коммунистер келген соң, олар социалистік құрылысты марапаттағаны белгілі. Алғашында олар сауатсыздықпен күресуге күш салды. Мұндай саясаттың бір ұшы Шыңжаң өлкесіне де келіп жетті.

1949 жылға дейін қазақ балалары мұсылман мектептеріне барып, араб графикасымен Құранды меңгереді. Сол кезеңдегі деректердің көрсетуі бойынша 1949 жылдары қазақтар арасындағы сауатсыздық өте жоғары деңгейде болды. Әйтсе де, гоминьдандықтар билігі тұсында Шыңжаң өлкесіндегі қазақтардың біраз бөлігі білімді болып, түрлі саяси жұмыстармен айналысқан. 1930 жылы Шэн Шицай (Cheng Chicaі – Шың Шысай) білім жүйесіне қайта өзгерістер енгізеді. Жергілікті аз ұлттарға мектеп ашу мүмкіндігі туады. Сондай-ақ ұйғыр, қазақ сияқты сан жағынан басым ұлттарға мәдени ассоциациялар құру мүмкіндіктері беріледі. 1938 жылы Шыңжаңда 1540-қа тарта ұйғыр мектебі болып, онда 89 804 оқушы білім алса, 19 322 оқушысы бар 275 қазақ мектебі, 44 оқушысы бар дүнген мектебі, 917 оқушысы бар 14 монғол мектептері ашылған. Қытайдың жаңа замандағы деректеріне сүйенсек, 1941 жылы бастауыш сыныптарға арналып 81 900 оқулық ұйғыр тілінде, 12 400 оқулық монғол тілінде, 15 400 оқулық қазақ тілінде, 10 900 оқулық қытай тілінде жарық көрді. Бірақ 1944-1949 жылдары елдегі саяси жағдайлардың тұрақсыздығына орай баспа ісі мүлдем тоқтап, дамымай қалған [6].

1930 жылдары Шыңжаңда 100-ге тарта ұйғыр және қазақ студенттері болған. Осы кезеңде

Шыңжаң өлкесінің Үрімжі қаласында бір ғана «Құқық және саяси ғылымдар» деп аталатын колледж болған. Кейбір ауқатты отбасылары балаларына жоғары білім алдырту мақсатында балаларын Қытайдың орталық қалаларына, тіпті Кеңестер Одағына да аттандырған кездері де болған. Өте бай деген отбасылары тіпті таяу Шығыс пен Европа елдеріне де жіберіп, балаларының білім алуына мүмкіндіктер туғызып отырған. Мәселен, 1947 – 1948 жылдары Шыңжаңның губернаторы болып тұрған Масғұд Сабри Стамбулда медициналық білім алған болса, Бұрхан Шахидиді Германияға жіберіп, білім алғызған [7].

Қытай деректерінің мәліметтерінше, 1940 жылы Шыңжаңның солтүстік-шығысына орналасқан қазақтардың үш ауданындағы қазақтар арасындағы сауатсыздық 80 процентке жуық болады. 1 479 ғана бастауыш мектеп болып, 200-ге жуық қазақ бүлдіршіні білім алады. 1949 жылы мұндай мектептердің 489-ға жетіп, 52 119 оқушысы болған. Сонымен бірге арнаулы орта білім беретін 30-ға тарта мектеп ашылып, 1 610 оқушының білім алуына мүмкіндіктер туғызылған. Құлжа қаласында ерлер мен әйелдерге сауаттарын ашуға арналған арнайы бастауыш мектептер ашылады. 1946 жылы Құлжа қаласында Іле көтерілісінің көрнекті басшыларының бірі болған Ахметжан Қасыми ғылыми техникалық мектеп ашады. Осы жылдары қазақтардың көпшілік бөлігі білім алуға айтарлықтай қол жеткізбесе де, білімділердің қатары өседі. Баркөл қазақ автономды ауданында арнаулы ересектер үшін 10 мектеп ашылады. 1957 жылы ол мектептерден 328 ересек адам сауатын ашып шығады.

Бірақ, қазақтар көшпелі өмірде болғандықтан оларда білім алу жүйесі басқа аз ұлт өкілдерімен салыстырғанда біршама төмен болды. Кеңестік жүйеге бет бұрған Қытай үкіметі көшпелілер балалары үшін арнаулы мектеп-интернаттар да ашады. 1982 жылы Шыңжаңда 265 бастауыш мектеп-интернаты мен 116 орта білім беретін мектеп-интернат болған.

Сондай-ақ Морый Қазақ автономды уезінде де бұл процестің дамуы көріністер береді. Мұнда 1949 жылы небәрі 11 мектеп, 24 оқытушы, 600-ге тарта оқушы болса, 1964 жылы уезде 4 500 оқушысы бар 29 бастауыш мектеп, 1 орта мектеп болған. Онда 400 оқушы білім алса, 100 оқушы қазақ балалары. Мектептегі 240 мұғалімнің 45-і қазақ оқытушысы. Мәдени революциядан кейін уездегі мектептер саны өседі. Уездегі 4 315 мектептің 1/4 аз ұлт өкілдерінің мектептері бо-

лып, әр ұлттың балалары өз ана тілдерінде білім алған.

Іле – Қазақ автономды округінде де біршама мектептер болды. 1966 жылы округте 880 бастауыш мектеп пен 62 орта мектеп болады. 1982 жылы олардың саны 842-ге қысқарды. Оларда 231 128 оқушы білім алса, оның 11 228 қазақ балалары болатын.

Алғашқы кезеңде Шыңжаңдағы аз ұлт өкілдерінің білім алуы үшін оқулықтардың көпшілік бөлігі Кеңес Одағынан алынып отырылса, 1952 жылы ұйғыр, қазақ, монғол тілдерінде оқулықтар жарық көре бастайды. 1955 жылы Шыңжаңда 168 мың оқулық басылып шығады. Бұның басым бөлігі ұйғыр, өзбек, қазақ тілдерінде жарық көріп, автономды облыстардың мектептеріне таратылып беріледі. Шыңжаңда сауат ашатын немесе орта мектептермен қатар жоғары оқу орындары да ашылып жатты. Алғашқы Шыңжаң университеті Үрімжі қаласында ашылады. 1949 жылы университеттен 3 000-ға жуық студент жоғары білім алып шықса, 1957 жылы 2 537 студентке дейін қатары өседі.

Қазақтардың ежелден-ақ халық ауыз әдебиеті өте жоғары дамығаны белгілі. Қытай қазақтарында да түрлі аңыз-әңгімелер, эпостар, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар ауыздан-ауызға өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан.

Аз ұлттың ақын-жазушыларымен қатар қазақтың да ақын-жырау, күміс көмей әншілері болды. Олардың қатарында Ақыт Қажы Үлімжіұлы, Көдек Маралбайұлы, Әсет Найманбайұлы және Таңжарық Жолдыұлы сияқты ақындар ілегі болды.

Ақыт Қажы Үлімжіұлы 1868 жылы бүгінгі Шығыс Түркістандағы Алтай аймағының Бұрылтоғай ауданына қарасты Қайырты жерінде дүниеге келген. Оның «барып қайттым Бисантау», «замана келді қырланып», «ғақлиялық үндеулер» сияқты шығармалары намыс-жігердің қайрағы болады.

Ақын саналы өмірінде елім деп өксіп, қара қазақтың қамын жеп өтеді. Ақыт көзі ашық сауатты адам болып, «Айқап», «Дала уәлаяты», «Қазақ елі» сияқты басылымдар арқылы Алаш азаттық идеясын жүйелі қабылдап, 1920 жылдың соңғы жартысынан бастап-ақ қытай билеушілерінің қатаң саясатына қарсы шығады. Біраз игілікті істер атқарып үлгерген ол 1939 жылы Шың Шысай (Шэн Шицай) бұйрығымен қолға түсіп, 1940 жылы айуандықпен азапталып өлтіріледі [8].

Одан кейінгі Әсет Найманбайұлы 1867 жылы Қарағанды облысының Көктоғай ауданында

дүниеге келіп, 1916 жылы Қытайға ауған салсері, күміс-көмей әнші болады. Ол өмірінің соңына дейін Алтын-Алтай, Майлы-Жайыр, Іле өңірінде салдық құрып, Шығыс Түркістанды әнмен тербетеді. Әрі әнші әрі сазгер қазақ атаулының бәріне танымал болады. Оның «Мақпал», «Қоңыр қаз», «Қисмет» сияқты өлеңдері әлі күнге дейін айтылып жүрсе, Шарғын Әлімғазыұлы Шығыс Түркістан әдебиетінің негізін салушы, қазақ поэзиясының көшбасшысы болады.

1957 жылдан бастап қызыл Қытайдың шын кепсірі ақырындап ашыла бастайды. Сол жылы Пекин «стиль дұрыстау» деген желеумен, зиялы қауым басына қара бұлт үйіре бастаған болса, 1958 жылы «жергілікті ұлтшылдарға қарсы тұру» деген ұранмен, саналы, ұлтжанды азаматтарды, әсіресе, ақын-жазушыларды тұтқындай бастайды. Бұның арты үлкен апатқа апарып соғарын жақсы білген аңғарлы ақын, 1959 жылы туған жері Қазақстанға оралады [3].

Оқу-білім жалғасқан тұста олар жазбаша түрде баспа беттеріне түсіп, жарық көрген. Олар қытай тілінен түрлі шет тілдеріне аударылған. Түрік газет-журналдары да басылып шығып, оларға қазақша атаулар берілген.

Әсіресе, «Шыңжаң жибао» газеті ең танымал болып келеді. Ол қазақ автономды аудандары құрылған тұстан бастап шығып, қазақтардың мәдени өмірі турасында мәліметтер беруші қазақ тіліндегі тұңғыш газет болатын [9].

Қытайдағы қазақтардың оқу-ағартуы, білім беру ісі о баста діни оқу-ағартудан бастау алды. Білім берудің осылай басталуының маңызына енді зер салып көрсек, онда үлкен бағдарлық мәннің бар екендігіне көз жеткіземіз. Өйткені Қытайға қараған қазақтар өздері қайта барған сол аймақтардың билеушісі басқа діндегі, бөгде тіл-жазудағы Манжур ұлты болатын. Оның үстіне ол жерлерге көптеген бөтен діндегі, бөгде тіл-жазудағы ұлттар өкілдері көп орналасқанды. Сөйтіп, сондай қоғамдық ортаға барған қазақтардың олармен араласпауы, алым-берім жасамауына мүлде мүмкін емес еді. Осындай қоғамдық ортада, ондағы қазақтар өздерінің ұлттық ерекшелігін, тілін, ділін, дінін және дәстүрлі мәдениетін сақтаудың маңызы ерекше болды. Сондай-ақ олар өздерінің қазақтық қасиетін сақтап қалудың бірден-бір жолы – өздерінің дәстүрлі діни нанымдарын күшейту екендігін кезінде жете түсінеді. Сонымен олар алдымен оқу-ағартуды, яғни білім беруді діни оқудан бастайды [3]. Қытайдағы қазақтар діни оқу арқылы арабша жазудан сауат ашады да, араб графикасы бойынша жасалған шағатайша жазу-

мен қазақша жазады. Олар Шағатай алфавитіндегі жазуды 1924 жылы Ахмет Байтұрсынұлы төте жазуын қолданғанға дейін үздіксіз пайдаланып отырды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басынан бастап Шыңжаңның жер-жеріндегі қазақ қоныстанған өңірлерде қазақтың ұлттық ағартуы бұрынғы негізде көркейе түсіп, діни ағартудан жаңаша ағартуға (пәни ағарту), жекелер ашқан киіз үй мектеп, мешіт-медреседен үкімет басқаруындағы мектептерге өзгерді. Осы негізде мынадай формадағы ағартулар барлыққа келді: діни оқуды негізгі түйін еткен отбасындық ағарту, діни оқу мен жаңаша оқуды жарыстыра жүргізген бастауыш ағартуы және жаңаша орталық ағартуы, қоғам дамуының зор беталысы, іс жүзіндік қажеттілік, адамдардың білім игеруге, ой-санасын ашуға талпынуы нәтижесінде қазақ даласында ағартудың бұл формасы алғашқы адымда қалыптасып, даму үрдістері жүріп жатты [10].

1912 жылы Алтай аймағындағы қазақтың ел билеушілері қазақтың көрнекті ақыны, діндар абызы Ақыт Үлімжіұлы Көктоғай ауданының Шақүрті деген жерден мешіт-медресе салдырып, ол мешіт-медресеге Ақыт басқарушысы әрі мұғалім болып жұмыс істейді. Демек, XIX ғасырдың басында ашыла бастаған медреселер, шамамен 20 жылдан соң жаңаша білім беретін (пәни білім беретін) мектептерге айнала бастаған. Солайда ол мектептер оқушыларға ислам дінін оқытумен қатар, жаңаша білім беруді тең жүргізген.

1934 жылы Алтай қаласында бастауыш және орталау мектеп салынып сол жылы оқу бастады. 1935-1936 жылдары Алтай сахарасынан тағы «жаңа күш», «жаңа гүл», «апрель», «мәдениет», «табыс» мектептері ашылып, оқу бастады. 1934 жылы бұрынғы «Абақия» медресесі жаңа үлгідегі «үлгі мектебіне» Жәке би медресесі «Ыласты мектебіне» өзгертіліп үш сынып ашылып жылына 200 оқушы қабылданды. 1935 жылы Баспай Шолақұлы Бапин қаржы шығарып, Шағантоғай ауданында «Үрішті қазақ мектебін» салдырды. Сонымен Қытайдағы қазақтардың, дәлірек айтқанда, Алтай аймағындағы қазақтардың оқу-ағарту, білім беру істері алғашқы кездегі кілең діни оқудан жаңаша оқуды да қосып оқытатын бағдарға бет ала бастайды [11].

Тарбағатайға қарасты, Шәуешек, Дөрбілжін, Шағантоғай үш аудандағы қазақтар негізінен найманның дөртуыл және манбет екі руына бөлінеді. Олардың мешіт салу жағдайы да рулар бойынша әрқайсы ру бастары мен бай-манаптар өз рулары үшін мешіт салдырып, сол бойынша діни қимылдарды жүргізді. Бұл мешіттер:



– Сүлеймен мешіті. 1910 жылы салынған, Шәуешектегі дөртуылдың маймытек руының мешіті;

– Қантелбай мешіті. Шәуешектегі дөртуылдың қантелбай руының мешіті;

– Көрдібай мешіті. Шәуешектегі Абдолла ауылындағы дөртуыл Сыдық жағынан салынған;

– Қайынбай мешіті. Шәуешектің Қарақабак қыстауындағы дөртуыл мешіті.

Бұдан басқа шағантоғай ауданында Иса қажы мешіті, Сарыбұлақ мешіті, Дөрбілжіндегі Қанарбай мешіті т.б. мешіттерде салынды. Бұлардың көп сандысы әрқайсы рулардың ру басылары, бай-манаптары жағынан салынды. Олардың өздерінің рулық басқару түзімін бекемдеу үшін қызмет еттірді [12, 105 б.].

Қолда бар деректерге негізделгенде, Тарбағатайда жаңаша оқыту XX ғасырдың басында қалыптаса бастағандығы айқындалды. Тарбағатай аймағына қарасты Шәуешек қаласында 1901 жылы «Ғұмария мектебі» ашылды. 1907 жылы «Намұна мектебі» оқу бастады.

Алдыңғы бір мезгіл қазақ ағартуының діни негізде басталып жаңаша оқуға (пәни оқуға) бет алған мезгілі болса, 1911 жылдан 1934 жылға дейінгі мезгіл 1911жылы Қытай көлемінде доңыз жылғы төңкеріс демократиялық идеяның және октябрь төңкерісінің социалистік идеясының ықпалымен жаңа форма, жаңа мазмұндар өркен жая бастаған мезгілі болды. Мысалы 1910 жылы Омар қажы (татар) Шәуешекте ұл-қыз аралас үш сыныптық жаңаша мектеп ашып, жүзден астам бала оқытқан, ол дами келе «Омария мектебі» деп аталады. Сол жылы Қазан қаласынан келген Ахмет Бәйди мырза Қобықсарыда «Халық мектебін» ашып әр ұлт балаларын оқытты. 1912 жылы татар оқымыстысы София Аустай Дөрбілжінде жаңаша мектеп ашты.

Іледегі 1935 жылы ашылған «Талды торан» мектебі, 1925 жылы Гүландам ханым Шәуешекте «Гүландамия» мектебін ашып бала оқытқан. Сонымен бірлікте 1933 жылы Алтай қаласының Сарсүмбе деген жерінде де бастауыш және орталау мектеп (6-8) салдырды.

Жоғарыдағы мектептерде сабақ негізінен араб, парсы, татар, өзбек, қытай, орыс және қазақ тілдерінде оқытылды. «Мұғаллим әуел», «Мұғаллим сани» математика, тіл-әдебиет, табиғат, тарих, жағрапия, бухгалтерлық, ән, музыка, қытай тілі, орыс тілі сабақтары, сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы, Ыбырай Алтынсарин қатарлы қазақтың әйгілі ағартушысы-ғалымдар жасаған қазақ әліппесі, қазақ тілі емлесі, қазақ

тілі-әдебиеті сияқты сабақтар оқытылады. Мектеп жекелер және үкімет жағынан басқарылды [8].

Баршаға аян, Іле өңірі шығыс пен батысты тұтастыратын Жібек жолының солтүстік жағалауында болғандықтан батыс солтүстік, әсіресе, Орта Азия елдерінің түрлі ықпалына ұшырап келген. Бұл ықпал алдымен саудасаттық жағындағы қарым-қатынастар мен мәдениет-көркемөнер, ғылым-техника, оқу-ағарту, т.б. жақтардан байқалары анық. Мұнда ғылым үйренуге талпынған жастар ұзақ уақыт барысында Бұхара, Самарқан, Станбол, Қазан, Бағдат, Орынбор және басқа да діни оқу орталықтарына барып, білім алып отырды. Осындай барыс-келіс барысында ішінара араб, парсы, шағатай, ордо және татар тіл-жазуындағы басылым көрген байырғы кітаптар мен қолжазба үлгісінде шығармалар да Қытайға көптеп еніп, таяу заман жаңаша білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына жебеу болды. Жүйеден сол білім ордаларынан білім алып қайтқан жастар Қытайдағы жеріне оралған соң, өздеріндегі бар білімдерін келешек ұрпақтарға арнауға бекіді. Олар ең алдымен балаларды оқыту үшін медресе, мектеп ашу керектігін халыққа ұғындырып, үгіт-нәсихат жүргізді. Халық олардың арман-мұратын түсініп, балаларын біртіндеп медресе, мектептерге бере бастады. Сөйтіп, алғашқы мектеп, медреселерден көптеген балалар оқып хат-сауатын ашты. Яғни Іле аймағындағы қазақтардың оқу-ағартуы немесе білім беру істері де алғаш рет діни ағартудан басталған еді.

Іле аймағына қарасты аудандарда (Текес, Күнес, Нылқы, Моңғылкүре қатарлы аудандарда) қазақтардың саны біршама көбірек болған. Іле өңіріне қарасты қазақтар негізінен найман ішіндегі қызай руы сан жағынан көбірек орынды иелейді, Іленің әрқайсы аудандарына таралған. Одан қалса албандар болып, негізінен Текес, Моңғылкүреге қоныс тепкен. Бұл екі руды өз ішіне алған Іле қазақтары ислам дініне сенгенімен, бірақ сенімі басқа ұйғыр, дүнген сияқты ұлттардікінен әлдеқайда әлсіз екендігін байқауға болады. Алайда Ислам діні қазақ халқының дәстүрлі дүние танымын қалыптастырды, оны олар рухани дүниесінің тірегі етті. Ислам діні жалпы қазақ халқы арасына ескіні жойып жаңаны орнату жоымен емес, қайта ескі мен жаңаны өзара ұштастырып жаңғырту жолымен тараған [13].

Іле аймағындағы қазақ байлары мен мансаптылары өз балаларын ауылдағы отбасында молладан оқытып, сауаттандырған соң, Құлжа

қаласындағы «Байтолла медресесіне» апарып оқытып, білімін жетілдіріп отырған. Сол медреседе біршама жақсырақ оқығандар, ауыларына оралған соң өз ауылындағы балаларға ислам дінін оқыту істерімен айналысады. Солардың бірі Уақ Жансейіт молда (1826-1836) өз балаларымен қоса жиені Шілбі Көбекұлын оқытып, танымал мағлұматқа ие адам етіп жетістірді. Шілбі (1860-1936) ел аралап уағыз айтып, елді мешіт-медресе салып, өнер-білім үйренуге үгіттеді.

Текестің Қаратоғай деген жерінде Тоғжан деген заңгі (мәнсап аты) мектеп ашып, Ахметбек деген татар оқымыстыны апарып бала оқытты. 1918 жылы Күнесте Қуан зеген заңгі Шақып өзенінің сағасынан бес бөлмелі мектеп және балалар жатағын салдырып Ислам молдаға Құтыбай руының балаларын жинап беріп оқытты.

1900 жылы Іледе Сасан би Күнестің Талды деген жерінде мешіт-медресе салдырып, Құлжа қаласындағы Уайыс мазарынан Ажыбай молда, Абайдолла Мақсұм қатарлы адамдарды алдырып бала оқытқан.

1935 жылы Жабықбай Бұлғыншыұлының бастамашылығында Құлжа ауданында «Жабықбай мектебі» (орталау) салынды. 1935 жылы Тоғызтарау ауданы, Ақтүбек деген жерінде 10 бөлмелі 8 сыныптық «Шынар мектебі» салынды. 1940 жылға жеткенде «Шынар мектебі» «Гүлістан мектебіне» өзгертіліп, Мұқыр, Жырғаландағы «Бағыстан мектебі» екеуі мемлекет басқаруындағы орталау мектеп болып құрылды.

Мұхан Сыбанбайұлының сүйегі орта жүз ішіндегі Қоңырат руынан, 1894 жылы қаңтарда Шапшал ауданының Алмалы ауылында малшы отбасында дүние есігін ашқан [13]. 1927 жылы ағартушы Мұхан Сыбанбайұлы (имам) Шапшал ауданының Алмалы ауылында өз үйінде 1930 жылдың соңына дейін 20-ға жуық баланы оқытты. Десе де оқу-ағарту істері қашанда оқытушымен, оқу құралымен тығыз байланысты болады. Сондықтан Қытай үкіметі осыны көздей отырып оқытушыларды тәрбиелеу курсілерін жер-жерде көптеп аша бастайды. Әрине бұл Қытай үкіметінің қазақтарды социалистік қоғамның Қытайлық білім беру жүйесінің тәртібіне біртіндеп үйрету болатын.

Жоғарыдағы мектептерде сабақ мазмұны алғашында Арабтың 28 әрпін танудан басталған. Одан соң «Құран кәрімді» оқудың алғы шарты болған «Апиек», «Иманшарт» негізгі оқулықтар болған. Сондай-ақ Ислам шарифаттарымен намаз оқу ережелері де үйретілген. Кейін келе қоғам дамуының жалпы беталыс талабына сай есеп,

тарих, жағрапия, тіл (орыс, қытай т.б. тілдер) ән, сурет сабақтары оқытылған. Мектеп негізінен жекелер жағынан ашылып, жекелер жағынан басқарған [4].

Қытай қазақтарының ағарту дәстүрі кезеңдері. 1760 жылдан 1871 жылға дейінгі діни ағарту мен жаңаша ағартудан бастау кезеңі; 1871 жылдан 1881 жылға дейінгі Ресей отаршылдық құлдану ағарту кезеңі; 1911 жылы Қытайда Монархия жойылғанға дейінгі кезең; 1917 жылғы октябрь төңкерісінің демократиялық социалистік идеяның ықпалындағы ағарту кезеңі; 1944 жылға дейінгі яғни Ян Цзэнсинь (Yang Zengxin – Яң Зыңшын), Цзинь Шужэн (Jin Shurin – Жин Шурін), Шэн Шицай (Chen Shicai – Шын Шысай) үстемдігі кезіндегі ағарту кезеңі.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басынан бастап Шыңжаңның жер-жеріндегі қазақ қоныстанған өңірлерде қазақтың ұлттық ағартуы бұрынғы негізде көркейе түсіп, діни ағартудан пәни ағартуға (жаңаша ағарту), жекелер ашқан киіз үй мектеп, мешіт-медреседен үкімет басқаруындағы мектептерге өзгерді. Осы негізде мынадай формадағы ағартулар барлыққа келді: діни оқуды негізгі түйін еткен отбасылық ағарту, діни оқумен жаңаша оқуды жарыстыра қатар жүргізген бастауыш ағартуы және жаңаша орталау ағартуы қалыптасты. Кейін келе қоғам дамуының зор беталысы іс жүзіндік қажеттілік, адамдардың білім игеруге, ой-санасын ашуға талпынуы нәтижесінде XX ғасыр басында медреселер мектептерге айналды да, жаңаша білім беруді негізгі етіп, діни сабақ өткізуді қосымша жүргізді. Сөйтіп, 1911 жылы Қытайда монархия жойылғанға дейін қазақтардың алғашқы білім беру негіздері қалыптаса бастады [14].

1912 жылы Қытайда Республикалық Минго үкіметі билікке келіп, 1915 жылы соның нәтижесінде «жаңа мәдениет қозғалысы» туындап, күшейді де, жаңа үкімет тағайындаған әрбір өлке провинция билеушісі (генерал-губернаторы) мәдени-ағарту шараларын жүзеге асыруға міндетті болды. Бұл туралы тарих ғылымдарының профессоры Нәбижан Мұқаметқанұлы: «Шыңжаңдағы қазақтардың оқу-ағарту, мәдени істерінің дамуы қазақтардың өз құлшынысы мен Қазақстандық зиялылардың жәрдемі арқасында жүзеге асты, өйткені Қытайдың Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтарындағы қазақтар саналы түрде өз қаржы-қаражаттарымен мектептер салдырып, Қазақстаннан барған қазақ, татар зиялыларын оқытушылыққа жалдап, білім беру ісін дамытты. Ал Қазақстаннан барып сабақ өтуші мұғалімдер еріксіз жалданушылар емес,

керісінше белсенді мәдени ағартушылар болды. Олар сол кезде Ресейден шыққан мектеп оқулықтарын алып барып Ахмет Байтұрсынұвтың әліпбиімен (төте жазумен) сабақ берумен қатар, Қазақстаннан шығатын газет-журналдарды Абай, Шәкәрімдердің және Алаш қозғалысының көрнекті өкілдерінің шығармаларын Қытайдағы қазақтар арасына таратып, олардың ұлттық сана-сезімінің өсуіне ықпал жасады деп көрсетеді [15].

Осы тұста Шыңжаңдағы қазақтарда жаңаша білім беру жүйесі жарыққа шығып, жаңаша білім алған алғашқы адамдарды бір бөлім сауатты адамдар жетіле бастаған-ды. Мыс, Алтай аймағында 1890 жылы Зуқа қажы салған «Бітеу қора» мешіт-медресесінен оқыған Ақыт Үлімжіұлы 1896 жылы Мәми Бейесі бастап салдырған Абақия мектебінен оқыған Шәріпхан Жеңісханұлы, Шәмши Мәмиұлы, Дәлелхан Сүгірбайұлы, Мұқаш Жәкеұлы 1889 жылы Жәке бидің Жеменейде салдырған Жәке би мешіт-медресесінен оқыған Баймолла Қараекеұлы, Зуқа Сәбитұлы 1886 жылдан бастап салына бастаған Іледегі мешіт-медреседен оқыған Мақсұт, Болысбек қатарлылар 1907 жылы Шағантоғайда Иса қажы салдырған мешіт-медреседен оқыған Нұртаза Үкірдай (мәнсап аты), 1910-1917 жылдары Күнесте Қуан зәңгі (мәнсап аты) салдырған мешіт-медреседен оқыған әйгілі ақын Таңжарық Жолдыұлы т.б. 1916-1919 жылдары Іленің Күре деген жерінде ашқан «Мыңхуа шөтаңнан» (монғол-қазақ училищесі) оқыған Таңжарық Жолдыұлы (кейін осында оқыған) Әбеу Құдышұлы, Нүсіпхан Көнбайұлы қатарлылары XX ғасырдың алғашқы отызыншы жылына дейінгі Шыңжаң қазақ ағарту, тәлім-тәрбие жұмысының қаулап өркен жаюына себепші, жебеуші, көшбасшы болды. Олар отызыншы жылдардан кейінгі ағартудың дамуы, жалпыласу, өркендеу кезеңінің қалыптасуында белсенді рөл атқарады, көрнекті үлес қосты [16].

1911 жылы Қытайда Синхай революциясы жеңіске жетіп, Қытайда екі мың жылдан артық уақытқа жалғасқан монархиялы жүйе жойылып, демократия ұғымын адамдар санасына терең ұялатты.

Синхай революциясынан кейін 1912 жылы Шыңжаңның генерал-губернаторы болып Ян Зың Шын тағайындалды. Ол идеология мәдениет саласында томаға-тұйықтық және халықты надандықта қалдыру саясатын қолдағанымен, халықтың жаңа қоғамдық қатынас негізінде жаңа азаматтық қоғам құру күресін тоса алмады. Ақыры 1924 жылы күзде Шыңжаң өлкесінің орталы-

ғы Үрімжі қаласында орыс тілінде саяси заң кәсіптік мектебін (училище) ашып, сыртқы істер қызметкерлері мен әкімшілік мансаптыларын тәрбиелеуге мәжбүр болды [17]. Бұл сол кезде Шыңжаңдағы ең жоғары оқу орны еді.

Осы тұста Шыңжаңдағы қазақтардың оқу-ағарту немесе білім беру толқыны көтеріліп, ішкері өлкелерден келген озық ойлы демократтар мен Қазақстан және орта Азиядан келген қазақ, татар, өзбек оқымыстыларының тырысқандық көрсетуімен Шыңжаңдағы қазақтарда жаңаша білім беру жүйесі жарыққа шығып дами түсті.

1922 жылы Үрімжі қаласында тұңғыш рет өлкелік (провинция) «моңғол-қазақ мектебі» ашылды. Оқушылар негізінен қазақ, моңғол ұлттарынан болды. Қытай тіл-әдебиетін кейін келе қазақша, орысша тілдерді негіз етіп оқытты. Бұл кезде қазақтарда мектептер медреселер көптеп жарыққа шығып, жаңаша оқу барған сайын дами түсті.

Құлжа қаласына қарасты Қорғас аудан Шалпеңіз деген жердегі Әбділдә Қожамбер қажы мектеп ашып отыр. Оқушыларға діни және жаңаша білім берді, аралас оқытты. XX ғасырдың 20 жылдарынан кейін бұл мектеп кеңейтіліп негізінен жаңаша білімдерді оқытатын мектепке айналды. Алтай жеріндегі Абақ медресесі де қазақ балаларына діннен де, жаңаша білімдерді оқытты. Осы тұста Сатыбалды деген адам Қазақстаннан Құлжаға көшіп келіп, Құлжада татар мектебінде сабақ беретін Қалимолла Бектолин деген оқымыстыны алмалыдағы «жіңішкесай» деген жерде сабақ беруге ұсыныс етіп мектеп ашып, бала оқытты. Мұнда да діни және жаңаша білімдер тең оқытылды. Міне осындай жаңаша ағарту қозғалысы Шыңжаңдағы әрқайсы жерлерде көтеріліп, халықты жаппай сауаттандыру ауқымы көтерілді [17].

Қорытып айтқанда, Қытайдағы қазақтардың істері XIX ғасырдың соңында діни оқудан бастау алса, кейін келе қоғам дамуының зор беталысы, іс жүзіндік қажеттілік, адамдардың білім игеруге, ой-санасын ашуға талпынуы нәтижесінде біртіндеп пәни оқуға, яғни жаңаша білім беруге қарай бет алып дамудың нәтижесінде, XX ғасырдың 20 жылдарына дейін, яғни Ахмет Байтұрсынұлы алфавиті жасалғанға дейін қытай қазақтарының білім беру істері алғашқы қалыптасу кезеңіне жетті деуге болады. Қытайдағы қазақтар арасында Ислам діні оқу-ағартуын біршама кең көлемде жалпыласуының негізінде, ондағы қазақтардың Ислам дініне болған сенімдері нығая түскен. Ал дәл қазіргі уақытта тек ШҰАР дағы ашылған «Ислами ді-

ні мектебі» ғана мұсылман баласы үшін арнайы оқу орны болып әлі күнге дейін ислами оқу бағдарламасымен жұмыс атқарып келеді. Күні бүгінге дейін Шыңжаң өлкесінде өмір сүріп келе жатқан қазақ, ұйғыр т.б. ислам дініне сенетін мұсылман ұлттары қытай ұлттарынан ерекшеленіп,

бөлектеніп тұрады. Бұл қытай қазақтарының ұлттық тілі мен санасы, дінінің, мәдениетінің бірегейлігі қалыптасқандығын көрсетеді. Жалпы жақтан айтқанда Қытайдағы қазақтар ата-баба дәстүрін бойына сыңырып, өз ана тілінде толық сөйлеп, жаза біледі.

#### Әдебиеттер

- 1 Ұлттар ынтымағы тәрбиесі. – Үрімжі: Шыңжаң жастар-өрендер баспасы, 1997. – 144 б.
- 2 Бұлытай М. Дін және мәдениет // Қазақстан-Заман. – 2003. – № 22 (429). – 30 мамыр.
- 3 Қытайдағы аз санды ұлттар демографиясы. – Пекин, 1987. – № 2. – 82-92 бб.
- 4 Фанг З. Қытайдың дін мәселесі мен дін саясаты. – Бейжиң, 2002. – 406 б.
- 5 Қытай халық республикасының тарихы. Хы Шин (бас ред). – Бейжиң, 1999. – 328 б.
- 6 Қытайдағы ислам мәдениеті. – Бейжиң, 1996. – 234 б.
- 7 Кулаков А.Е. Религий мира. – М.: Аст, 1996. – С.123.
- 8 Чин К. Ислам дінінің Қытай тарихындағы орны. – Үрімжі, 1996. – 234 б.
- 9 Қытайдағы ислам діні тарихы. – Бейжиң, 2000. – 245 б.
- 10 Жаңа дәуірдегі діни қызмет мақалаларынан таңдамалылар. – Пекин: Діни мәдениет баспасы, 1995. – 386 б.
- 11 Заң ережелер жинағы // Іле аймақтық заң сауатын жалпыластыру кеңсесі. – Құлжа, 1991. – 296 б.
- 12 Үнбанлян Ж.Д. Шыңжаң тарихынан жүз сұрақ-жауап. – Үрімжі, 2005. – 157 б.
- 13 Шыңюньфин. Ұлттық территориялы автономияның күшті өміршеңдігіне саяси түзім тұрғысынан көз жіберу керек // Ұлттар ынтымағы журналы. – 2000. – № 3. – 37-55 бб.
- 14 Орта Азия түрік республикаларындағы зиянды ағымдар және миссионерлік. – Алматы, 2006. – 63 б.
- 15 Дербісәлі Ә. Дінді сату – отанды сату // Иман. – 2010. – №6. – 20 наурыз.
- 16 Шәріп А. Ислам – хәдін // Иман. – 2008. – №4. – 30-31 бб.
- 17 Айталы А. Тәуелсіздік және дін // Ана тілі. – 2011. – 5 мамыр.

#### References

- 1 Ulttar yntymagy tarbiesi. – Urimzhi: Shynzhang zhastar oernder baspasi, 1997. – 144 b.
- 2 Bulytai M. Din zhanemadeniet // Kazakhstan-Zaman. – 2003. – № 22 (429). – 30 mamyr.
- 3 Kytaidagy az sandy ulttar demographiyasy. – Pekin, 1987. – № 2. – 82-92 bb.
- 4 Fang Z. Kytaidyn din maselesi men din sayasaty. – Beijing, 2002. – 406 b.
- 5 Kytai halyk respublikasynyn tarihy. Hy Shin (bas red.) – Beijing, 1999. – 328 b.
- 6 Kytaidagyislamadenieti. – Beijing, 1996. – 234 b.
- 7 Kulakov A.E. Religiimira. Moscow: Ast, 1996. –S.123.
- 8 Chin K. Islam dinining Kytai tarihyndagy orny. – Urimzhi, 1996. – 234 b.
- 9 Kytaidagyislamdnitarigy. – Beijing,2000. – 245 b.
- 10 Zhanadauirdegidiniyzmetmakalalarynantandamalyar. – Pekin: Dini madenietbaspasy, 1995. – 386 b.
- 11 Zangerezhelerzhinagy // Ile aimaktykzangsausatynzhalyplastyrukengsesi. Kulzha, 1991. – 296 b.
- 12 Unbanlyan Zh.D. Shynzhang tarihyndan zhuz surak-zhauap. – Urimzhi, 2005. – 157 b.
- 13 Shyniyunfin. Ulttyk territoriyyaly avtonomiyanyn kushti omirshindigine sayasi tuzim turgysynan koz zhiberu kerek // Ulttar yntymagy zhurnaly. – 2000. – № 3. – 37-55 bb.
- 14 Orta Aziya turik respublikalaryndagy ziyandy agymdar zhane missionerlik. – Almaty, 2006. – 63 b.
- 15 Derbisali A. Dindisatu–otandysatu // Iman. – 2010. – №6. – 20 nauryz.
- 16 Sharip A. Islam – hakdin // Iman. – 2008. – №4. – 30-31 bb.
- 17 Aitaly A. Tauelsizdikzhane din //Anatili – 2011. – 5 mamyr.